


Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы

2024-2025 оқу жылының 2 қыркүйегінен бастап «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтануды ұсыну» туралы мектеп директорының 2024 жылдың 29 тамызындағы № 53 бұйрығына сәйкес әлеуметтік топтағы оқушылар арасынан 1 мезгіл ыстық тамақпен 70 оқушы қамтылды, және 1-4 сынып оқушыларына бір мезгіл ыстық тамақ ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2024 жылдың 29 тамызындағы № 54 бұйрығына сәйкес 39 бала 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылды. Барлығы 109 бала 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылды.

Ыстық тамақтың берілуі бойынша «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы» мектеп директорының 15.08.2024 жылғы № 50 бұйрығына сәйкес комиссия мүшелері құрылды. Комиссия мүшелері мектеп асханасына келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына дайын тамақтың сапасына бақылау жасайды және мектеп медбикесі проба жасағаннан кейін оқушыларға беруге рұқсат береді. Комиссия мүшелері 2 аптада бір рет асхана жұмысына мониторинг жасайды, келіп түскен азық-түліктердің сапасын, жарамдылық мерзімдерін, сертификаттарын түгелдейді, оқушыларға берілген дайын астың сапасын, өлшемдерінің сәйкес келуін қадағалайды. Әлеуметтік педагог пен медсестра күнделікті балалар тамақтанатын уақытта асханада болады. Балалардың тамаққа толық қатысуын, дайын астың сапасын тексереді. Ас мәзірі күнделікті мектеп директорының мөрімен бекітіледі, және перспективалық менюге сәйкес. Асханаға қатысты журналдарды мектеп медбикесі уақытылы толтырып, өзіне қатысты жұмыстарды жауапкершілікпен жасайды. Балалардың тамақтануы үшін жағдай жасалған, раковиналар, кептіргіш бар, сабын бар. Асхананың тамақтану залының жалпы санитарлық жағдайы жақсы, тамақ ішетін стол, парталар жеткілікті, эстетикалық безендірілген. Тамақ ішетін ыдыс-аяқтар жеткілікті.

1-4 сынып оқушыларын мектеп директоры бекіткен кестеге сәйкес бір мезгіл ыстық тамаққа апару-әкелу және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын сынып жетекшілері және кезекшілер қатаң бақылайды.

Әлеуметтік педагог



М.Толыбаева